



Уразимбетов Алибек Бахтыбаевич
Информатика пәні мұғалімі
«Қ.Орымбетов атындағы орта мектеп» КММ
Алматы облысы, Еңбекшіқазақ ауданы

e-mail: alibek.u@mail.ru

«Робот және робототехника» әссе

Елімізде жүргізіліп отырған саясатқа сай мектебімізде оқушыларға білім алуға барлық жағдай жасалып отыр. Сонымен бірге қазіргі уақыт талабынан туындал отырған көптеген иғі іс-шаралар оқу-тәрбие үдерісіне енгізілуде.

Мектеп – қоғамның бір бөлшегі. Қазіргі таңда елімізде ақпараттық қоғамның қалыптасуы кезеңінде мектепте де ақпараттық технологиялардың мүмкіндіктерін оқушылар өз іс-әрекеттерінде қолдана алулары керек, әрі қолданушылық деңгейден жоғары көтерілгендері дұрыс.

Оқу үрдісінде тағы бір жаңаша бастама қолға алынып, жүзеге асырылылып жатыр. Ол «Робототехника» үйірмесінің мектеп бағдарламасына енгізілуі.

Бір робот құрастыру үшін оқушы информатика пәнінде, физика пәнінде сонымен қатар математика пәнінеде сүйене отырып жасау керектігін түсінеді, әр пәнге деген қызығушылықтары оянып, жан-жақты болуға дағдылары да қалыптасады. Тәжірибе барысында, оқушының өзіндік және өзара өзгеге деген сыйластығы артып, жақсы қарым-қатынасы орнайды, жоба қорғау барысында өз ойын еркін жеткізе біletін, әр жасаған ісін дәлелдей алатын тұлға болып шығады

. Роботтарды күнделікті өмірде, өндірісте пайдалану үшін, қолданушылар роботты басқару біліміне, дағдыларына ие болу керек. Сол үшін робот техникасына қызығушылық, базалық білім және дағды қалыптастыру қажет.

Қазіргі таңда роботтардың түрлері сан алуан, көпшілігі тұрақты және механикаландырылған жұмыс-тарды атқару үшін зауыттар мен фабрикаларда, зертханаларда, тауар қоймасында, ауру-ханаларда пайдаланылады. Қорыта айтқанда, қай халықтың, қай ұлттың болсын толығып өсуіне, рухани әрі мәдени дамуына басты ықпал жасайтын тірегі де, түп қазығы да – мектеп. Болашақта оқушыларымыз сан алуан түрлі роботтар жасап, дүниежүзілік роботтар олимпиадасында жүлделі орындар алып мемлекетіміздің өркендеуіне өз септіктерін тигізуі қажет.